

сақтап қалу өте өзекті мәселе болып саналады. Өзіміздің елімізді дамытуда осындай келесі ұрпақ үшін өз еңбектерін жазып қалдырып кеткен Шоқан Уәлиханов секілді ұлы тұлғаларды біліп жүрген, олардың деректерімен танысу, меніңше ұлттық құндылықты жоғалтпауға, керісінше одан әрі нығайтуға әкеледі» - деген жауаптар алдым. Жастардан алған жауаптарым көз қуантады.

Берілген барлық жауап Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың сіңірген еңбектерімен таныс және оның зерттеулері біздің ұлттық құндылығымыз. Сауалнамадан тек бір қорытындыға келуге болады. Ғалым Шоқан Уәлихановтың ғылыми еңбектері жастардың тарихи санасын қалыптастыруда өте өзекті және болашақ Қазақстан Республикасын дамыту жолында, ұлттық құндылығымызды сақтап қалуда орасан зор орын алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ақтаев С. «Уәлиханов Шоқан. Шығармалары. – Алматы : «Ана тілі» баспасы, 2010.
2. Бейсенбайұлы Ж. оқан. Ғұмырлық деректі хикая. - Алматы : «Қазақстан», 2009.
3. Диярова К. Ш. Аққан жұлдыз. Шоқан Уәлиханов - Алматы : Издательство Золотая книга, 2015
4. Шоқан Уәлиханов. Көптомдық шығармалар жинағы. (Бірінші том) – Алматы, 2010
5. Мұқанов С. Нить Ариадны. (Чокан Валиханов). - Москва: «Искусст», 1945

## БАРҚЫҰЛЫ НИЯЗ БАТЫР

Қуандық М.М

Ғылыми жекшісі: Шашенов Д.Т

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Электрондық адресі: meirbek.kuandyk05@mail.ru

Қарағанды қаласы

Батыр - әскери өнерді жақсы меңгерген, жау түсірер ерлігімен аты шыққан, қаһарман адамға берілетін құрметті атақ. Батыр атағы оңай жолымен берілмейді, оған әрбір адам жеке басының ерлігімен ие болады. Батырларды қазақ халқы ежелден құрмет тұтқан.

Батыр тек ержүрек атағы ғана емес, сонымен қатар кәсіби әскерилер қатарынан шыққан тұлғалар санатын білдіреді. Демек, батыр сөзінің қазақ даласында кеңінен қолданылуы қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу тарихындағы соғыстардың зор маңызымен де байланысты. Көбінесе халық өз тәуелсіздігін қолына қару алып қорғауға, шекараны қорғауға мәжбүр болды. Қазақ жерінен шыққан бізге белгілі қайсар мінезді батырлар есімдері бар. Оған мысал Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наурызбай, Қарасай, Райымбек сияқты ел намысын қорғаған батырларымыз.

Осы тұлғалар қатарына кіруге сай заманыңда есімі бар қазаққа мәлім болған Орта жүзді отыз жылдан астам билеген Әбілмәмбет ханның данагөй кеңесшісі және елшісі, ер есімді батырлардың бірі - Орта жүз аталығы Барқыұлы Нияз батыр. Нияз батыр жайлы деректер аса көп те емес. Соңғы жүргізілген зерттеулер мен жазылған кітаптар арқасында оның Қазақстан тарихына жасаған еңбегі мен беделін көре аламыз. Ендігі туындайтын сұрақ Нияз деген кім?! Және ұлтымыздың тарихында алып жатқан орны қандай?!

Нияз батыр туралы әдеби-этнографиялық «Өмір» журналының 1992 жылғы тұңғыш санында Нақып Ыдыросов пен Зарлық Сұлтанұлының «Нияз батыр» деген мақаласы басылған. 1993 жылы «Халық кеңесі» газетінде жазушы Амантай Сатаевтің «Тамыздың тоғыз күні немесе Нияз батыр» деген деректі хикаясынан үзінді газеттің (6 нөмірде) басылған. Жазушы А.Сатаев «Халық кеңесі» газетінде Нияз батыр туралы хикаят жазды. А.Жұмаділдиннің Нияз батыр жөнінде жазыла бастаған повесі аяқталмай қалды. 2012 жылы

ғылым докторы, тарихшы Ж.Артықбаевтың Нияз батыр туралы «Аталықтар әулеті: Арыстан, Барқы, Нияз» атты зерттеу кітабы жарық көрді.

XVIII ғасыр – қазақ тарихының шытырман оқиғаларға толы кезеңі. Бұл тұста халқымыздың арасынан жауынгер, білекті де жүректі батырлар мол шықты. Солардың бірі сол ғасырда өмір сүрген Арғын Қуандықтың Сайдалы руынан шыққан “аталық” лауазымды батыры, елшісі, әрі қолбасшысы. Аталық қызметі түркілік тамыры бар ұғым, ол “Мұрагерді тәрбиелеуші”, “мұрагердің тәрбиесіне жауапты тұлға” деген анықтама береді. Яғни аталық лауазымдылар хан ордасындағы тақ мұрагеріне әскери тәрбие беретін және оқытатын жоғары мәртебелі адам.[1] Өзі тәрбиелеген ханзада билікке жеткен соң оның кеңесшісі қызметін атқарған. Сондағы Нияз хандардың өзіне төрелік айтқан, мемлекеттік дәрежедегі тұлға. Оған мысал Нияз батыр Әбілмәмбет ханның бас уәзірі деңгейіндегі кеңесшісі болған. Ханның басқа көрші елдермен бейбіт қатынастар орнатуға бағытталған саясатын қолдап отырған. Ресеймен де, Қытаймен де, Жоңғар хандығымен де тату көршілікті жақтап, мәмілегерлік жолмен басқа мемлекеттермен сауда-саттық қарым-қатынастарды дамытып, экономикалық байланыстарды өрістетуге мүдделі болған.

“Аталық” лауазымы Ниязға әкелік жолмен тарайды. Қазақ хандығы мемлекетін басқарудың “аталықтар” институтының негізін қалаушы Нияз батырдың үлкен әкесі Арыстан Сайдалыұлы. Ол ордадағы қызметін хандар тарихында ең ұзақ яғни 42 жыл ел билеген Хақназар ханның тұсында бастайды. Хақназардың нәтижелі дипломатиялық шаруаларының басы болып, ханның билігін нығайтуға және күшейтуге қажырлы еңбек сіңірген. Ханның жүргізген сыртқы саясатына бағыт-бағдар беріп отырды. Ел ішіндегі жағдайларды басқарумен қатар, әскери-саяси істері жайында да ханның қабілетті ақылшысы бола білді.

Қазақ хандығындағы аталықтар жүйесінің келесі көрнекті өкілі Нияз батырдың өз әкесі Арыстанұлы Барқы батыр болды. Ол Салқам Жәңгір, Тәуке, Болат, Қайып хандардың уақытында өмір сүрді. Өз Тәукеден туған Болат, Сәмеке хандардың тәрбиешісі болады. Салқам Жәңгірдің жоңғарларға қарсы одақтас іздеп Шығыс Түркістан жеріне жіберген елшілігін басқарды. Қайып ханның тұсында Қазақ хандығы мен Ресейдің арасындағы саяси қарым-қатынастардың жандануын қолдады. Хан ордасының сыртқы саясатын бітімгерлік жолмен шешуге мүдделі болды. Барқы батырдың бұл саяси ұстанымы Қазақ хандығы тұсындағы халықтың тұтастығы мен ауызбіршілігін сақтауға, қазақ мемлекетінің дамуы мен нығаюына, биліктің тұрақты болуына өзіндік үлесін қосты. Жәңгір жоңғарлар қолына тұтқынға түскен кезінде Барқы ел билігін өз қолына алады. Қара халықтан хан сайланбайтын уақыттағы “Хан да Барқы, қара да Барқы” деген мәтел сол заманнан қалды.

Ал Нияз батырдың XVIII ғасырдағы Қазақ қоғамы басынан кешкен айтулы оқиғаларда Нияз аты атылып жүреді. Соның бірі орыс генералы В. Урусовтың күнделік жазбасында *“Потомпошли в кибитку и идучи с генерал-лейтенантом вступил в речь киргиз-кайсацкой Средний орды знайтнейший старшина Нияз батыр, о котором известно, что он ввремя Шемаки хана в Туркестане великую силу имел, а посмертие его Туркестаном управлял и Абулмамбет хана наханство утвердил. Оной Нияз присмотре по азиатскому обыкновению весьма не глупым человеком примечено, что он перед всеми старшинами большого преимущества требовал”*. Нияз батырдың салмақтылығы мен дипломатиялық қабілетін көрген орыс генералы оның басқа батырлар мен билердің деңгейінің жоғары екенін анық көреді. Шынында да ол кезде Нияз ел арасында қамшыгерлік қасиетімен танылған және Түркістанды билеген болатын. “Арғын болсаң Алтай бол” демекші осы Алтай Қуандық балалары Әбілмәмбет ордасының тірегі әрі қамқоршысы болған.[2]

Нияз аталыққа қатысты тағы бір маңызды мемлекеттік шаруа – Жоңғария мемлекеті құлағаннан кейін Алтай, Тарбағатай, Жетісі өңірлерін игері болды. Бұл шаруаға басшылықты, Нияз бытырдың ұсынысымен 1757 жылы күзде Түркістанда өткен қазақ көсемдерінің кенесі Әбілмәмбет ханның ұлы Әбілпейізге тапсырады. Әбілпейіз шығыс өңірге ие болған уақытта қазақтың шекарасы Шар Құрбаннан аспаушы еді. Шудың бойында қазақ пен қырғыздың арасында жер үшін қырғын соғыстар жүріп жатты. Қазақтың алтын тағының болашақ иесі Әбілпейіз сұлтанмен бірге Түркістандағы хан ордасы Арыстан аталықтың ұлдары Мамадайыр

мен Мамашық тұқымын маңайына қонсы қонған елімен бірге аттандырады. Осындай батыл шешімдердің нәтижесінде қазақ шығысқа қарай ентелей жылжып, Тарбағатайды, Алтайдың екі қапталын, Жетісуді түгелімен игереді.

Нияз батыр Абылайды тұтқыннан босатуы ел ауызында сақталған. Оның Түркістанды билеп тұрғаны, Қалден Серенмен келіссөз жүргізуі, қалмақ батырымен жекпе-жекке шығуы көп жылдар бойы ел есінде қалған. Абылай мәселесін шешу үшін қалмаққа бірінші тоқсан қолмен қаз дауысты Қазыбек барса, екінші елшілікті Сайдалы Нияз бастап барып, Абылайды Қалдан қолынан тұтқыннан босатып алған болатын. Сол кездегі дәстүр бойынша екі жақ мықты жауынгерлерін шығарып, жекпе-жекке шығуы тиіс болатын. Дайындалып келген қалмақтар жағынан тепсе темір үзер алпауыттай бір батыр шығады. Қазақ жағынан ешкімнің батылы бармайтының көрген Абылай жекпе-жекке өзі шығуды ұйғарады. Сол кезде жасы келген батыр Нияз шығып:

- “Хан ием, сен тоқта! Қарт болсам да мен шығайын. Жазатайым мерт болсаң, жұрт қазақтың ханы қалмақ батырының қолынан қаза тапты дер. Ал мен мерт болсам жай ғана бір шал мерт болған дер.” – деп, ханнан рұқсатын алып жекпе-жекке шыққан екен. Сол жекпе-жекте қазақ батыры Нияз жеңіске жетеді. Оның қалмақ батырына айтқан сөзі “Ханыңа айтып бар, сені женген алпыс үш жастағы Нияз батыр” – депті.

Қазақ шежіресінде “Абылай Нияз батырдың ерлігіне риза болып, Ташкент қаласының билігін Ниязға берген. Кейін Нияз батыр қартайғанда өмірінің соңғы жалдарын Арқада өткізбекші болып, орнына, Ташкент қаласын билеуге баласын Әлдебердіні жібереді. Бірақ оны сарттар у беріп өлтіреді. Әлдеберді қайтыс болған соң, жасы ұлғайған Нияз батыр Ташкент билігің амалсыздан өз қолына алуға мәжбүрлі болады. Бірақ, Нияз Арқадан оралып болғанша Ташкентте өзінің бұрынғы өзбек орынбасары таққа отырып қояды. Оның қақпа алдына қойған күзетшілері Ниязды ішке кіргізбей, көп әуреге салады. Ақыры бұрынғы билеушілері екеніне көз жеткізіп, ордаға кіргізеді. Ташкенттің билеушісі өзбек орынбасары ол жоқта өз билігін кенге жайған болатын. Ниязды көргенде есі шығып, сағынған адамдай өтірік құшақ жая ұмтылады. Осы кезде Нияздың қасына еріп барған інісінің бірі Құлғара атынан секіріп түсіп, өзбектің қолынан ұстай алады да, Итқара батыр екінші жағынан ол да жақындап қалған екен, қолындағы қанжармен ішін жарып жібереді.” деседі. Осыған байланысты Жаңаарқа қарияларынан жинақталған шежірелер ішінде “*Құлғарасы құшақтап, Итқарасы пышақтап*” деген жырдың үзінділері де сақталған.

Деректер бойынша Нияз 1775 жылы қайтыс болған. Қарт шежірелердің айтуынша Нияз 120 жас жасап о дүниеге жан тапсырған. Сүйегі сол замандағы белгілі қазақ тарихындағы ел билеген Есім, Жәңгір, Тәуке, Абылай, қазақ билері Қазыбек, Әйтеке билер мен қанжығалы Бөгенбай, тобықты Мамай сияқты ұлы тұлғалар арасында Түркістан өлкесінде, Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде жерленген.[3]

Қазақ мемлекетінің қалыптасуы, ұлттық тұтастығы мен азаттығы жолында арпалыспен өткен абадан уақыттың бар шындығы қолдағы аз-кем деректермен толық ашыла қоймасы анық. Мәселен, Нияз батырдың Ташкент шаһарының әкімі болып, билік жүргізген уақыты, Сәмеке хан тұсындағы Түркістанда атқарған іс-шаралары жан-жақты зерттеуді мұқтаж етіп жатқан тарихи баяндар болып табылады. Қазақ хандығы дәуірінде зор бедел, абыройға ие болған кемел ойлы, текті тұлға Нияз батырдың бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан тарихынан лайықты орнын, әділ бағасын алуы заңдылық деп білеміз.

Осы мәселе тұрғысында тұңғыш президентіміз Н.Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты кітабында тамаша айтылған: «Тарихтағы өз орныңды білу, бабаларыңды ру төмпешігінің деңгейінде емес, жалпыұлттық өреде мақтан тұту, ұлан- байтақ Еуразия тарихында ұлы істерге ұйытқы болған қазақтар мен олардың бабаларының өзіндік орнын танып-түсіну, ұлттық қадір-қасиетіңді қорлайтын жаттанды жалалардан арылу, міне, ұлттық тұтастыққа кепіл болатын бүгінгі күннің ең қуатты тетіктері осылар!»

Сарыбел (Осакаров) ауданы аумағында Нияз атты тау орналасқан. Биіктігі шамамен 700-850 метрге дейін баруы болса керек. Бұл Сарыбел ауданындағы ең үлкен тау жотасы. Ғалымдар “Нияз” сөзін иран тілінен шыққан деп санайды. Оның сөзбе сөз аудармасы – “ізгі,

игі”. Бірақ Нияз тауы негізінен антропонимикалық атау болып табылады. Яғни Нияз батырдың құрметіне аталған тау. Ені 10-15 шақырым, жотасы оңтүстіктен солтүстікке қарай 80-90 шақырымды құрайды. Ені 2-4 км болатын жекелеген жоталар біртіндеп төмендеп, Ақмола облысының аумағына кетеді, он ол Ерейментау тауларымен біріктіріледі. Нияз тауларының сипаттамасы алғаш рет 1900 жылы жасалған. Бұл тауларда Нияз батыр дүниеге келген деген болжам бар. Нияз батыр бұл тауларда мал жайлаған. Ол екіге бөлінеді Жақсы Нияз және Жаман Нияз. Жақсы Нияз мал жайлауға ыңғайлы болса, Жаман Нияз керісінше ыңғайсыз.[4]

Иманжүсіптің өлеңіндегі:

Абылай аспас Арқаның Сарыбелі,

Қуандық пен Сүйіндікпен жалайды елі.

Қырық мың жылқы су ішсе лайланбас,

Нияз бен Аюлының Қаракөлі – деген жолдар осыған дәлел.

Бұрынғы Осакаров ауданындағы адыр-төбелердің, қырат-жоталардың ескілікті атауы Сарыбел болса керек. Бұл Нияз батырдың жайлаған жері болғандықтан, Абылай хан бұл өлкеге қоныс теппеген. Аюлы мен Қаракөл деген жер аттары да осы өңірде кездеседі. Сондықтан да ғалымдар мен тарихшылар аудан атын “Сары бел” деп, ал Осакаровка кентің “Нияз батыр” құрметіне аталуын құптайды.

Нияз батырдан Әлдеберлі, Байназар Жаназар, Жұмай, Тоқсан, Рықпанғұл, Қарғұл туады. Барқыдан тараған рулардың ең өскен бұтағы Нияз батырдың тұқымы.

Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның ұлан-байтақ қасиетті жері үшін бар ғұмырын ат үстінде арпалыспен өткізген батыр бабалар есімін ұмытпай, оған лайықты құрмет көрсету, бүгінгі ұрпақтың асыл парызы екені ақиқат!

Нияз батыр тәрізді ұлы батырлардың қазақ халқы үшін сіңірген еңбектері, игілікті істері кейінгі ұрпағына өміршең өнеге. Сондықтан да, бар мұраты ел мерейімен байланысып жатқан аталардың көкірегіндегі аяулы арманның ұшқынын кейінгі ұрпақ бойына дарыта жүрсе, артық болмайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет.
2. Аршабеков Т.Т, Жұмабеков Ж.А . Сарыарқа қазақтары . Қарағанды 2007 жыл.
3. Ісләмұлы Ж. Оспан . Нияз батыр-тұлға, таным, тағылым. Қарағанды «Арқо »,2018 жыл. 40 бет.
4. Ісләмұлы Ж. Оспан . Нияз батыр-тұлға, таным, тағылым. Қарағанды «Арқо »,2018 жыл. 31-32 беттер.
5. Сатаев А.. Төл тарихымыздың тұнығынан. Алматы «Қайнар» 2009 жыл.
6. Кемелбеков Б., Жасымбаев Е. Қазақ хандығының аталықтары мен төлеңгіттері. Алматы 2013.
7. Сельский труженник.2016.23.05 №20 Қазақтың Нияз батыры.
8. Тоғжанов Е.Л. Атамекен: Оқу құрал / Е.Л.Тоғжанов, Т.Т. Аршабеков.- Қарағанды: Қарағанды экономикалық ун-ті, 2002.- 324 бет.
9. Ісләмұлы І. Шежірелі өлке - Жаңаарқа: Таным// Азия Транзит.- Қарағанды, 2000.- N7 (қыркүйек).-9-17 б. Б